164. Тұрақты ток қозғалтқышының ток функциясындағы жіберуін басқару үлгісінің жұмысы.

165. Тұрақты ток қозғалтқышының уақыт функциясындағы жіберуін басқару үлгісінің жұмысы.

166. Қысқаша тұйықталатын роторы бар реверсивті емес асинхронды қозғалтқыштың жіберуін басқару үлгісін сыз.

167. Қысқаша тұйықталатын роторы бар реверсивті асинхронды қозғалтқыштың жіберуін басқару үлгісін сыз.

168. Фазалық роторы бар асинхронды қозғалтқыштың уақыт функциясындағы жіберуі үлгісінің жұмысын түсіндіру.

169. Қысқаша тұйықталатын роторы бар асинхронды қозғалтқыштың ток функциясындағы жіберуі үлгісінің жұмысын түсіндіру.

170. Фазалық роторы бар асинхронды қозғалтқыштың ток функциясындағы жіберуі үлгісінің жұмысын түсіндіру.

7.3 Емтихан билеттері (тестілері)

Тестілер

Электржетек механикасы

***1

Электр энергиясын өзгертуге арналған құрылғы...деп аталады:

- A. Электрқозғалтқышты.
- B. Ауыспалы.
- C. Өзгермелі
- D. Басқару.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***2

Электржетекті қозғалысқа келтіретін момент:

- A. Динамикалық момент.
- B. Активті статикалық момент
- C. Реактивті статикалық момент
- D. Қозғалтқышты момент.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***3

Әрқашан электржетек жылдамдығының өзгерісіне қарсы бағытталатын момент:

- A. Динамикалық момент.
- B. Активті статикалық момент
- C. Реактивті статикалық момент
- D. Қозғалтқышты момент.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***4

Әрқашан электржетек қозғалысының бағытына қарсы бағытталатын момент:

- A. Динамикалық момент.
- B. Активті статикалық момент
- C. Реактивті статикалық момент
- D. Қозғалтқышты момент.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***5

Динамикалық моментті анықтайтын дұрыс өрнекті көрсет:

A. $M_D = J \frac{d\omega}{d\varphi} + \frac{\omega^2}{2} \cdot \frac{dJ}{d\varphi}$

B. $M_D = J \frac{d\omega}{dt} + \frac{\omega^2}{2} \cdot \frac{dJ}{dt}$

C. $M_D = J \frac{d\omega}{dt} + \frac{\omega^2}{2} \cdot \frac{dJ}{d\varphi}$

D. $M_D = J \frac{d\omega}{d\varphi} + \frac{\omega^2}{2} \cdot \frac{dJ}{dt}$

- E. Дұрыс жауап жоқ

***6

Айналдыру моменті мен кедергі моменті электржетек қозғалысына бағытталған болса, электржетектің қозғалыс теңдеуінің дұрыс жазылғаны қайсысы:

A. $M - M_C = M_D$

B. $-M + M_C = M_D$

C. $-M - M_C = M_D$


D. $M + M_C = M_D$

- E. Дұрыс жауап жоқ.

***7

Электрқозғалтқыштың суретте келтірілген механикалық сипаты келесі түрге жатады:

- A. Абсолютті қатты.
- B. Қатты.
- C. Жұмсақ.
- D. Абсолютті жұмсақ.
- E. Дұрыс жауап жоқ



***8

Механикалық сипатының қаттылығын келесі өрнек бойынша анықтауға болады:

- A. $\frac{\omega_{\max}}{\omega_{\min}}$ C. $\frac{\Delta\omega}{\Delta M}$ E. Дұрыс жауап жоқ.
- B. $\frac{\Delta M}{\Delta\omega}$ D. $\frac{\omega_{\min}}{\omega_{\max}}$

***9

Электржетек статикалық тұрақты, егер келесі шарт орындалса:

- A. $\beta > \beta_c$
 B. $\beta < \beta_c$
 C. $\beta = \beta_c$
 D. $M = M_c$
 E. Дұрыс жауап жоқ

***10

Электржетек элементінің инерция моменті тәуелді (дұрыс емес жауабын көрсет):

- A. Элемент массасына.
 B. Элементтің айналу жылдамдығына.
 C. Элемент құрылымына .
 D. Элемент массаларының айналу осінен орналасу қашықтығына.
 E. Дұрыс емес жауап жоқ.

Тұрақты ток электржетегі

***1

Тұрақты ток қозғалтқышының қай бөлігінің қызметі дұрыс емес көрсетілген?

- A. Қозу орамы негізгі магнит ағынын тудырады.
 B. Станина – машинаның барлық бөліктерін біріктіреді.
 C. Коллектор – механикалық түзеткіш.
 D. Полюсті ұштар – якорьда бірқалыпты магнит өрісін тудыруға көмектеседі.
 E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***2

Тұрақты ток машинасының бөліктерінің қайсысы көрсетілген материалдардан жасалмайды?

- A. Станина- шойын.
 B. Полюсті өзектер - болат.
 C. Коллектор пластиналары - мыс.
 D. Якорь өзегі – электротехникалық болат.
 E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***3

Тұрақты ток машинасы якорінің өзегінде құйынды токтардың пайда болуына не себеп болады:

- A. Якорь орамынан айнымалы токтың өтуі.
- B. Коллектордың ұшқындалуы.
- C. Якорь реакциясы.
- D. Якордің айналуы.
- E. Дұрыс жауап жоқ

***4

Тізбектей қозудың тұрақты тогы генераторының өздігінен қозу міндетті шарттары қандай? Дұрыс емес жауапты көрсет.

- A. Магнит тізбегінде қалдық магнит ағынының бар болуы.
- B. Қозу орамын оның магнит ағыны қалдық ағынмен бағыттас болатындай етіп қосу.
- C. Қозу тізбегінің кедергісі критикалықтан аз болуы керек.
- D. Генераторға қосылған сыртқы жүктеменің бар болуы.
- E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***5

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышына сәйкес келетін өрнектердің қайсысында қате жіберілген?

- A. $I_{кз} = U / R_{я}$
- B. $\omega_0 = U \cdot \omega_n / (U_n - I_n \cdot R_{я})$
- C. $U = E + I_{я} \cdot R_{я}$
- D. $R_n = U_n / I_n$
- E. Қате жоқ

***6

Тізбектей қозудың тұрақты тогы машинасын сипаттайтын өрнектердің қайсысында қате жіберілген?

- A. $\omega = U / K\Phi - I_{я} R_{я} / K\Phi$
- B. $\omega = U / K\Phi - MR_{я} / K\Phi$
- C. $M = K\Phi I_{я}$
- D. $\omega = E / K\Phi$
- E. Қате жоқ.

***7

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы машинасының қозғалтқышты тәртібіне қай өрнек сәйкес келеді?

- A. $U = E_{я} + I_{я} R_{я}$
- B. $U = E_{я} - I_{я} R_{я}$
- C. $U = -E_{я} + I_{я} R_{я}$

D. $U = E_{я}$

Е. Ондай өрнек мұнда жоқ.

***8

Тізбектей қозудың тұрақты тогы машинасының идеалды бос жүріс тәртібіне қай өрнек сәйкес келеді?

A. $U = E_{я} + I_{я}R_{я}$

B. $U = E_{я} - I_{я}R_{я}$

C. $U = -E_{я} + I_{я}R_{я}$

D. $U = E_{я}$

Е. Ондай өрнек мұнда жоқ.

***9

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышының якорі үшін $I_{я} = (U + E_{я}) / R_{я}$ өрнегі келесі тәртіпке сәйкес келеді:

A. Қозғалтқышты.

B. Кері қосылу.

C. Динамикалық тежелу.

D. Рекуперативті тежелу (генераторлы).

Е. Ондай тәртіп мұнда көрсетілмеген.

***10

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышының айналу бағытын өзгерту үшін қажет: (дұрыс емес жауапты көрсет)

A. Қозғалтқышқа берілетін кернеудің полярлығын өзгерту.

B. Қозу орамындағы токтың бағытын өзгерту.

C. Якоб орамындағы токтың бағытын өзгерту.

D. Якоб орамындағы немесе якорь орамындағы токтың бағытын өзгерту.

Е. Дұрыс емес жауап жоқ.

***11

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышының электромеханикалық сипаты қандай жағдайда алынады? (дұрыс емес жауапты көрсет)

A. Өзгермеген қозу тогында.

B. Якорь қысқыштарындағы өзгермеген кернеуде.

C. Якорь тізбегінің өзгермеген кедергісінде.

D. Қозу реостатының өзгермеген кедергісінде.

Е. Дұрыс емес жауап жоқ.

***12

Тізбектей қозудың тұрақты тогы қозғалтқышының механикалық сипаты қандай жағдайда алынады? (дұрыс емес жауапты көрсет)


A. Өзгермеген қозу тогында.

- B. Қозғалтқыштағы өзгермеген кернеуде.
- C. Якорь тізбегінің өзгермеген кедергісінде.
- D. Қозу реостатының өзгермеген кедергісінде.
- E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***13

Төменде келтірілген механикалық сипатының қайсысы тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышына сәйкес келеді?


- A. – 1
- B. – 2
- C. – 3
- D. – 4
- E. – 5



***14

Суретте келтіріген механикалық сипаты 2 келесі электрқозғалтқышқа сәйкес келеді:

- A. Асинхронды.
- B. Тәуелсіз қозудың тұрақты тогына.
- C. Аралас қозудың тұрақты тогына
- D. Синхронды.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***15

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы машинасы рекуперативті тежелу тәртібінен қозғалтқышты тәртіпке көшкенде:

- A. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығынан көп болады.
- B. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығына тең болады.
- C. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығынан аз болады.
- D. Якорь айналу бағытын өзгертеді.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***16

Тізбектей қозудың тұрақты тогы машинасы қозғалтқышты тәртіптен кері қосылу тәртібіне көшкенде:

- A. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығынан көп болады.

- В. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығына тең болады.
- С. Якорьдің бұрыштық жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығынан аз болады.
- Д. Якорь айналу бағытын өзгертеді.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***17

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы машинасы қозғалтқышты тәртіптен кері қосылу тәртібіне көшкенде:

- А. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуінен көп болады.
- В. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуіне тең болады.
- С. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуінен аз болады.
- Д. Якорьдің ЭҚК-і бағытын өзгертеді.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***18

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы машинасы рекуперативті тежелу тәртібінен қозғалтқышты тәртіпке көшкенде:

- А. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуінен көп болады.
- В. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуіне тең болады.
- С. Якорьдің ЭҚК-і желі кернеуінен аз болады.
- Д. Якорьдің ЭҚК-і бағытын өзгертеді.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***19


Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышын электродинамикалық тежелу тәртібіне ауыстыру үшін қажет:

- А. Желіден якорьді ғана ажыратып, резисторға түйықтау.
- В. Қозу орамындағы токтың бағытын өзгерту.
- С. Желіден якорь мен қозу орамын ажыратып, резисторға түйықтау.
- Д. Желіден қозу орамын ғана ажыратып, резисторға түйықтау.
- Е. Дұрыс жауап жоқ

***20

Төменде келтірілген суреттегі механикалық сипаттардың қайсысы кері қосылу тәртібіндегі тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышына сәйкес келеді?


- А. - 1
- В. - 2
- С. - 3
- Д. - 4
- Е. - Ондай сипаты мұнда жоқ



***21

Аралас келтірілген суреттегі механикалық сипаттардың қайсысы рекуперативті тежелу (генераторлы) тәртібіндегі тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышына сәйкес келеді?

- A. - 1
- B. - 2
- C. - 3
- D. - 4
- E. - Ондай сипаты мұнда жоқ



***22


Тұрақты токтың рекуперативті тежелуі сипатталады:

- A. Желіден энергия қабылдаумен.
- B. Желіге энергия берумен.
- C. Қозғалтқыштың жоғары қызуымен және желіден энергия қабылдаумен.
- D. Қозғалтқыштың жоғары қызуымен және желіге энергия берумен.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***23

Суретте көрсетілген тұрақты токтың механикалық сипаттары жүктеменің өзгеруі және ненің әсерінен алынды:


- A. Якорь тізбегіндегі реостат кедергісінің өзгеруінің
- B. Якорьда кернеудің өзгеруінің
- C. Якорь тогының өзгеруінің
- D. Қозудың магнит ағынының өзгеруінің
- E. Дұрыс жауап жоқ



***24

Тұрақты ток машинасының қандай тәртібіне үлгідегі ток бағыты мен ЭҚК-і сәйкес келеді?

- A. Қозғалтқышты.
- B. Кері қосылу.
- C. Рекуперативті тежелу.
- D. Электродинамикалық тежелу.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***25

Суретте көрсетілген және (а) әрпімен белгіленген график келесі өрнекке сәйкес құрылған


A. $\omega = \frac{U}{K\Phi} - M \frac{Rя + R_{OB} + Rp}{K^2\Phi^2}$

B. $\omega = \frac{U}{K\Phi} - M \frac{Rя + R_{OB}}{K^2\Phi^2}$

C. $\omega = \frac{U}{K\Phi} - M \frac{Rя + R_{OB} + Rp}{K\Phi}$

D. $\omega = \frac{U}{K\Phi} - M \frac{Rя + R_{OB}}{K\Phi}$


E. Дұрыс жауап жоқ.



***26

Тұрақты ток қозғалтқышының табиғи механикалық сипатындағы (4) нүктесі мына тәртіпке сәйкес келеді:


- A. Қозғалтқышты.
- B. Кері қосылу.
- C. Электродинамикалық тежелу.
- D. Жүріске жіберу.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***27


(5) нүкте мына тәртіпке сәйкес келеді:

- A. Қозғалтқышты.
- B. Кері қосылу.
- C. Электродинамикалық тежелу
- D. Рекуперативті тежелу.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***28


Тұрақты ток қозғалтқышының жасанды механикалық сипатындағы (1) нүктесі мына тәртіпке сәйкес келеді



- A. Сөндірулі күй.
- B. Номинальдi.
- C. Жiберу.
- D. Идеалды бос жүрiс.
- E. Ондай тәртіп мұнда көрсетілмеген.

***29


Ток бағыты, кернеу және ЭҚК-нің келтірілген үлгілерінің қайсысы кері қосылу тәртібіне сәйкес келеді:



E. Онда үлгі мұнда жоқ

***30

Ток бағыты, кернеу және ЭҚК-нің келтірілген үлгілерінің қайсысы қозғалтқышты тәртіпке сәйкес келеді?



E. Онда үлгі мұнда жоқ.

Асинхронды электржетек

***1

Үшфазалық асинхронды электрқозғалтқышты кім өндiрген:

- A. Яблочков П.Н.
- B. Доливо – Добровольский М.О.
- C. Тесла А.Н.

- D. Якоби Б.С.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***2

Асинхронды машинаның қандай бөлігі көрсетілген материалдардан жасалмайды?

- A. Корпус – электротехникалық болат.
- B. Статор өзегі – электротехникалық болат.
- C. Ротор орамы – алюминий.
- D. Байланыс сақиналары – болат.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***3

Төрт полюсі бар асинхронды қозғалтқыштың желі жиілігі 50Гц болғанда магнит өрісінің минутына айналу жылдамдығы қандай?

- A. 3000 C. 1000 E. Дұрыс жауап жоқ.
- B. 1500 D. 750

***4

Мына тұжырымдардың қайсысы асинхронды қозғалтқыштың идеалды бос жүріс тәртібіне сәйкес келмейді?

- A. Ротормен дамытылатын айналдыру моментінің болмауы.
- B. Ротор орамында токтың болмауы.
- C. Статор орамында токтың болмауы.
- D. Статордың магнит моментінің бұрыштық жылдамдығы ротордың бұрыштық жылдамдығына тең.
- E. Ондай тұжырым мұнда жоқ.

***5

Мына тұжырымдардың қайсысы қысқаша тұйықталған роторы бар асинхронды қозғалтқыштың жіберу моментіне сәйкес келмейді?

- A. Ротордың айналу жылдамдығы нольге тең.
- B. Статордың тогы номинальді мәннен бірнеше есе көп.
- C. Сырғанау бірге тең.
- D. Айналдыру моменті статор кернеуінің квадратына пропорционал.
- E. Ондай тұжырым мұнда жоқ.

***6

Мына тұжырымдардың қайсысы асинхронды қозғалтқыштың критикалық тәртібіне сәйкес келмейді?

- A. Ротор максимал моментті дамытады.
- B. Критикалық моменттің мәні фазалық ротордың тізбегіне қосылған реостаттың кедергісіне тәуелді емес.
- C. Критикалық момент генераторлы тәртіпте қозғалтқыштың қарағанда көп.
- D. Сырғанаудың критикалық моменті реостат кедергісіне тәуелді емес.

Е. Ондай тұжырым мұнда жоқ.

***7

Асинхронды машинаның жұмыс тәртіптерінің қайсысында статордың магнит өрісі ротор айналымына кері жаққа айналады?

- А. Қозғалтқышты.
- В. Рекуперативті тежелу (генераторлы).
- С. Электродинамикалық тежелу.
- Д. Кері қосылу.
- Е. Ондай тәртіп мұнда көрсетілмеген.

***8

Асинхронды қозғалтқышқа тән тұжырымдардың қайсысында қате жіберілген?

- А. $n_0 = \frac{60f}{p}$.
- В. $\omega_0 = \frac{2\pi \cdot f}{p}$.
- С. $S = \frac{(n_0 - n)}{n}$.
- Д. $n = n_0 \cdot (1 - S)$.
- Е. Ондай тұжырым мұнда жоқ.

***9

Асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипатының қай бөлігі тұрақты емес?

- А. $0 < S < S_{кр}$.
- В. $S_{кр} < S < 1, 0$.
- С. $-S_{кр} < S < 0$.
- Д. $-S_{кр} < S < S_{кр}$.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***10

Асинхронды қозғалтқыштың желіден пайдаланатын тогы статор орамдарын үшбұрыштан жұлдызға ауыстыру кезінде және өзгермейтін кернеуде қалай өзгереді?

- А. Үш есе азаяды.
- В. Үш есе көбейеді.
- С. Өзгермейді.
- Д. Үш ретті түбірге азаяды.
- Е. Үш ретті түбірге көбейеді.

***11

Қарапайым асинхронды қозғалтқыштың номинальді сызықтық кернеуі статор орамдарын үшбұрыштан жұлдызға ауыстыру кезінде қалай өзгереді?

- А. Үш есе азаяды.
- В. Үш есе көбейеді.
- С. Өзгермейді.
- Д. Үш ретті түбірге азаяды.
- Е. Үш ретті түбірге көбейеді.

***12

Қарапайым асинхронды қозғалтқыштың номинальді фазалық кернеулері статор орамдарын үшбұрыштан жұлдызға ауыстыру кезінде қалай өзгереді?

- A. Үш есе азаяды.
- B. Үш есе көбейеді.
- C. Өзгермейді.
- D. Үш ретті түбірге азаяды.
- E. Үш ретті түбірге көбейеді.

***13

Асинхронды қозғалтқышты орамдарды үшбұрыштан жұлдызға ауыстыру тәсілі бойынша, оның номинальді кернеуі 220 / 380 В түрінде көрсетілсе, үшфазалық желінің қандай сызықтық кернеуінде жіберуға болады?

- A. 127 В.
- B. 220 В.
- C. 380 В.
- D. 660 В.
- E. Жауапта қажет кернеу көрсетілмеген.

***14

Асинхронды машинаның генераторлы тәртіптегі сырғанауы мына шекте өзгереді:

- A. 0-ден 1-ге дейін
- B. 1-ден ∞ -ге дейін
- C. 0 -ден ∞ -ге дейін
- D. 0 -ден 1-ге дейін
- E. 0 -ден ∞ -ге дейін

***15

Фазалық роторы бар асинхронды электрқозғалтқышты қозғалтқышты тәртіптен электродинамикалық тежелу тәртібіне ауыстыру үшін қажет:

- A. Статор орамын желіден ажыратып, ротор орамына тұрақты ток жіберу.
- B. Статор орамын желіден ажыратып, ротор тізбегіне үшфазалық реостатты қосу.
- C. Статорды желіден ажыратпай, ротор орамына тұрақты ток жіберу.
- D. Статор орамын желіден ажыратып, үшфазалық реостатқа қосу, ал ротор орамына тұрақты ток жіберу.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***16

Асинхронды машинаны қозғалтқышты тәртіптен рекуперативті тежелу тәртібіне (генераторлы) ауыстыру үшін қажет:

- A. Ротордың айналу жылдамдығын азайту.
- B. Ротордың айналу жылдамдығын көбейту.
- C. Роторды статордың магнит өрісі айналымына кері жаққа айналдыру.
- D. Роторға берілген тежелу моментін көбейту.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***17

Асинхронды машинаның төменде көрсетілген тәртіптерінің қайсысы статор орамын үшфазалық желіден міндетті түрде ажыратылуы кезінде орындалады?

- A. Қозғалтқышты.
- B. Рекуперативті тежелу (генераторлы).
- C. Өздігінен қозатын электродинамикалық тежелу.
- D. Кері қосылу.

Е. Ондай тәртіп мұнда көрсетілмеген.

***18

Статор орамы жиілігі 50 Гц үшфазалық желіге қосылып, ротор 3030 айн/минпен статордың магнит өрісімен бағытталған айналған кезде асинхронды машина қандай тәртіпте жұмыс істейді?

- A. Қозғалтқышты.
- B. Рекуперативті тежелу (генераторлы).
- C. Өздігінен қозатын электродинамикалық тежелу.
- D. Кері қосылу.
- E. Мәліметтердің аздығынан сұраққа жауап беру мүмкін емес.

***19

Ротор 1000 айн/мин жылдамдықпен статордың магнит өрісіне кері бағытта айналған кезде жиілігі 50 Гц үшфазалық желіден қоректенетін асинхронды машина қандай тәртіпте жұмыс істейді?

- A. Қозғалтқышты.
- B. Рекуперативті тежелу (генераторлы).
- C. Тәуелсіз қозатын электродинамикалық тежелу.
- D. Кері қосылу.
- E. Мәліметтердің аздығынан сұраққа жауап беру мүмкін емес.

***20

Ротор 1500 айн/мин жылдамдықпен айналып, статордың магнит өрісі айналмай тұрғанда төрт полюсті асинхронды машина қандай тәртіпте жұмыс істейді?

- A. Қозғалтқышты.
- B. Генераторлы.
- C. Тәуелсіз қозатын электродинамикалық тежелу.
- D. Кері қосылу.
- E. Мәліметтердің аздығынан сұраққа жауап беру мүмкін емес.

***21

Ротор тізбегіне үшфазалық реостаттың асинхронды қозғалтқышын қосу кезінде (дұрыс емес тұжырымды көрсет)

- A. $\cos \varphi$ көбейеді.
- B. Механикалық сипатының қаттылығы азаяды.
- C. Критикалық сырғанау көбейеді.
- D. Критикалық момент көбейеді.
- E. Дұрыс емес тұжырым жоқ.

***22

Асинхронды машинаның критикалық сырғанауы үшін дұрыс тұжырымды көрсет.

$$A. S_K = \pm \frac{R_2'}{\sqrt{R_1^2 + (X_1 + X_2')^2}}$$

$$C. S_K = \pm \frac{R_1}{\sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}}$$


$$B. S_K = \pm \frac{X_2'}{\sqrt{R_1^2 + (X_1 + X_2')^2}}$$

$$D. S_K = \pm \frac{X_1}{\sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}}$$

Е. Дұрыс тұжырым жоқ.

***23

Асинхронды машинаның бір фазалық орамындағы кернеу мен токтың көрсетілген векторлық диаграммаларының қайсысы идеалды бос жүріс тәртібіне сәйкес келеді?



Е. Ондай диаграмма жоқ.

***24

Асинхронды машинаның максимал моменті үшін дұрыс тұжырымды көрсет

$$A. M_K = \frac{3U_\phi^2}{2\omega_0 [R_2 \pm \sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}]}$$

$$D. M_K = \frac{3U_\phi^2}{2\omega_0 [R_1 \pm \sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}]}$$

$$B. M_K = \frac{3U_\phi}{2\omega_0 [R_2 \pm \sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}]}$$

$$E. M_K = \frac{3U_\phi}{2\omega_0 [R_1 \pm \sqrt{R_2^2 + (X_1 + X_2')^2}]}$$

С. Дұрыс тұжырым жоқ.

***25

Асинхронды машинаның бір фазалық орамындағы кернеу мен токтың көрсетілген векторлық диаграммасы мына тәртіпке сәйкес келеді:

А. Қозғалтқышты.

В. Рекуперативті тежелу (генераторлы).

С. Идеалды бос жүріс

Д. Тәуелсіз қозатын электродинамикалық тежелу.

Е. Ондай тәртіп көрсетілмеген.

***26

Асинхронды қозғалтқыштың жіберу тогын қандай тәсілмен төмендетуге болады


(дұрыс емес жауапты көрсет)?

- A. Статор орамдарымен тізбектей түрде реактивті катушкаларды қосу.
- B. Статор орамдарын жұлдыздан үшбұрышқа қосу.
- C. Автотрансформатор арқылы статорға берілетін кернеуді азайту.
- D. Фазалық ротор тізбегіне жіберу реостатын қосу.
- E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***27

Асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипатындағы 5 нүктесі мына тәртіпке сәйкес келеді:


- A. Қозғалтқышты тұрақты.
- B. Қозғалтқышты тұрақты емес.
- C. Идеалды бос жүріс.
- D. Жүріске жіберу.
- E. Ондай тәртіп көрсетілмеген.



***28

Суретте келтірілген механикалық сипаттар ненің өзгерісі кезінде алынған?


- A. Статор тізбегіндегі реостат кедергісінің.
- B. Ротор тізбегіндегі реостат кедергісінің.
- C. Реакторлар индуктивтілігінің.
- D. Конденсаторлар сыйымдылығының.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***29

Асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипатындағы 4 нүктесі мына тәртіпке сәйкес келеді


- A. Қозғалтқышты.
- B. Кері қосылу.
- C. Электродинамикалық тежелу.
- D. Рекуперативті тежелу.
- E. Ондай тәртіп көрсетілмеген.



***30

Суретте келтірілген механикалық сипаты төмендегі электр машиналарының қайсысына сәйкес келеді?

- A. Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы машинасына.
- B. Тізбектей қозудың тұрақты тогы машинасына.
- C. Асинхрон тәуелсіз қозу машинасына.
- D. Асинхрон өздігінен қозу машинасына.
- E. Ондай машина көрсетілмеген.



Синхронды электржетек

***1

Синхронды машинаның қай бөлігі үшін оны жасайтын материал дұрыс емес айтылған тұжырымды көрсет?

- A. Айқын емес полюсті ротор өзегі– құрылымдық болат.
- B. Статор орамы – алюминий.
- C. Статор өзегі– электротехникалық болат.
- D. Ротор орамы – мыс.
- E. Дұрыс емес тұжырым жоқ.

***2

Синхронды электрқозғалтқышде роторға берілген электромагнитті момент:

- A. Статор кернеуінің квадратына пропорционал.
- B. θ бұрышына пропорционал.
- C. Статордың кернеуіне пропорционал.
- D. θ бұрышына кері пропорционал.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***3

Айқын полюсті электрқозғалтқыштың бұрыштық сипатының тұрақты облысына θ бұрышының өзгеруінің қандай диапазоны сәйкес келеді?

- A. 0-ден 90^0 -қа дейін
- B. 0-ден 180^0 -қа дейін
- C. 90 -ден 180^0 -қа дейін
- D. 0-ден 90^0 -қа дейін

Е. Дұрыс жауап жоқ.

***4

Синхронды машиналар теориясында θ бұрышы нені білдіреді?

- А. Якорьдің кернеуі мен тогы арасындағы фаза бойынша ығысу бұрышы.
- В. Индіктордың кернеуі мен тогы арасындағы фаза бойынша ығысу бұрышы.
- С. Статордың тогы мен ЭҚК-і арасындағы фаза бойынша ығысу бұрышы.
- Д. Қозу өрісі полюстерінің осі мен якорь өрісі полюстерінің осі арасындағы электрлік градустармен берілген ығысу бұрышы.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***5

Синхронды электрқозғалтқыштың реактивті қуатын қалай реттеуге болады?

- А. Айналу моментінің мәнін өзгертіп.
- В. Кедергі моментінің мәнін өзгертіп.
- С. θ бұрышының мәнін өзгертіп.
- Д. Қозу тогының мәнін өзгертіп.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***6

Егер номинальді жүктемеде жұмыс істеп тұрған синхронды қозғалтқыштың роторға берілген тежелу моментін арттырса, онда:

- А. Ротордың жылдамдығы азаяды.
- В. Ротордың жылдамдығы өзгермейді.
- С. Ротордың тогы көбейеді.
- Д. Ротордың тогы азаяды.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***7

Идеалды бос жүріс тәртібіндегі синхронды машинаның роторының валына берілген айналу моментін арттырса не болады?

- А. Қозудың магнит ағынының осі алдыға, статордың магнит өрісіне қатысты айналу жағына қарай жылжиды.
- В. Қозудың магнит ағынының осі статордың магнит өрісіне қатысты өзгеріссіз қалады.
- С. Қозудың магнит ағынының осі статордың магнит өрісіне қатысты айналу бағытына қарсы жаққа қарай жылжиды.
- Д. Ротрдың айналу жылдамдығы артады.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.

***8

Синхронды машинаның генераторлы тәртіптен қозғалтқышты тәртіпке өтуі қандай θ бұрышта орындалады (дұрыс емес жауапты көрсет).

- A. 0° .
- B. 180° .
- C. 360° .
- D. 180° .
- E. Дұрыс емес жауап жоқ.

***9

Асинхронды жіберу кезінде жіберу уақытында синхронды қозғалтқыштың қозу орамы:

- A. Резисторда тұйықталады.
- B. Тұрақты ток көзіне жалғанады.
- C. Ажыратылған болып қала береді.
- D. Айнымалы ток көзіне жалғанады.
- E. Қозғалтқыштың жайлап екпін алуы үшін реакторға жалғанады.

***10

Егер қозудың номинальді тогымен жұмыс істейтін жүктелген синхронды қозғалтқыштың қозу тогын арттырса, онда:


- A. Желіден алынатын активті қуат азаяды.
- B. Якорь тогының реактивті құраушысы сыйымдылық сипатта болады.
- C. Якорь тогының реактивті құраушысы индуктивті сипатта болады.
- D. Якорь тогының реактивті құраушысы өзгермейді.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

Координаталарды реттеу

***1


Суретте келтірілген механикалық сипаттар асинхронды қозғалтқыштың қандай арасалмағына сәйкес келеді: жиілік f немесе кернеу U , немесе статор полюстарының қос саны p , немесе ротор тізбегіне жалғанған реостаттың кедергісі R ?

- A. $f_1 > f_2$.
- B. $U_1 > U_2$.
- C. $p_1 > p_2$.
- D. $R_1 > R_2$.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***2

Суретте асинхронды қозғалтқыштың жиілікті реттеу кезіндегі механикалық сипаттары келтірілген. Қоректену желісінің параметрлері қандай байланыста



A. $\frac{U_1}{f_1} = \frac{U_2}{f_2}$ C. $\frac{U_1}{f_1^2} = \frac{U_2}{f_2^2}$
 B. $\frac{U_1^2}{f_1} = \frac{U_2^2}{f_2}$ D. $\frac{U_1}{f_1} = \frac{U_2}{f_2^2}$

E. Дұрыс жауап жоқ

***3


Суретте келтірілген механикалық сипаттар асинхронды қозғалтқыштың қандай арасалмағына сәйкес келеді: жиілік f немесе кернеу U , немесе статор полюстарының қос саны p , немесе ротор тізбегіне жалғанған реостаттың кедергісі R

- A. $f_1 > f_2$.
 B. $U_1 > U_2$.
 C. $p_1 > p_2$.
 D. $R_1 > R_2$.
 E. Дұрыс жауап жоқ.

***4

Суретте мына үлгі бойынша қосылған асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипаттары келтірілген


- A. Асинхронды вентильді каскад.
 B. Вентильді- машиналық электромеханикалық каскад.
 C. Вентильді- машиналық электрлік каскад.
 D. Электромашиналық каскад.
 E. Дұрыс жауап жоқ.



***5

Суретте келтірілген механикалық сипаттар асинхронды қозғалтқыштың роторы тізбегінің қандай арасалмағына сәйкес келеді: I токтары немесе конденсаторлар сыйымдықтары C , немесе статор полюстарының қос саны p , немесе реостаттың кедергісі R ?

- A. $I_1 > I_2$.
 B. $C_1 > C_2$.
 C. $p_1 > p_2$.
 D. $R_1 > R_2$.
 E. Сипаттар берілген қозғалтқышқа сәйкес келмейді.



***6

Параллель қозудың тұрақты тогы қозғалтқышы жылдамдығын реттеу тәсілдерінің қайсысында идеалды бос жүріснің жылдамдығы өзгермейді?

- A. Якорьде кернеуді өзгерту.
- B. Якорьге тізбектей қосылған реостат кедергісін өзгерту.
- C. Қозу орамымен тізбектей қосылған реостат кедергісін өзгерту.
- D. Якорьге жүктеме моментін өзгерту.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***7

Электротрожетек жылдамдығын реттеу диапазоны келесі өрнекпен анықталады:

- A. $\frac{\omega_{MAX}}{\omega_{MIN}}$.
- B. $\frac{\omega_i}{\omega_{i-1}}$.
- C. $\frac{\omega_{MIN}}{\omega_{MAX}}$.
- D. $\frac{d\omega}{dM}$.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***8

Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышы жылдамдығын қандай тәсілмен номинальдіден жоғары етуге болады?

- A. Якорьге берілетін кернеудің мәнін өзгерту.
- B. Қозу орамына берілетін кернеудің мәнін өзгерту.
- C. Якорь тізбегіндегі реостат кедергісін өзгерту.
- D. Якорьді бекіту.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***9

Ротордың айналу жылдамдығы нольге тең болған жағдайда да қозғалтқыштардың қайсысынан тежелу моментін алуға болады?

- A. Синхронды қозғалтқыш.
- B. Қысқаша тұйықталған роторы бар асинхронды қозғалтқыш.
- C. Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы қозғалтқышы.
- D. Тізбектей қозудың тұрақты тогы қозғалтқышы.
- E. Мұны орындау мүмкін емес.

***10


Номинальді тәртіпте жұмыс істеген кезде қозғалтқыштың бұрыштық жылдамдығын көбейту үшін Г-Д жүйесін басқарғанда не істеу керек?

- A. Генератордың қозу тогын азайту.
- B. Қозғалтқыштың қозу тогын азайту.
- C. Генератордың қозу тогын көбейту.
- D. Қозғалтқыштың қозу тогын көбейту.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***11

Г-Д жылдамдығын реттеудің екінші зонасына сәйкес келетін механикалық сипатты көрсет

- A. – 1.
- B. – 2.
- C. – 3.
- D. – 4.
- E. – Ондай сипаты мұнда жоқ.



***12


Жүктеме астындағы жұмыстың периодтары идеалды бос жүріснің периодтарымен алмасатын, сонымен қоса жұмыс пен идеалды бос жүріс периодтары қозғалтқыштың барлық бөліктеріндегі температура тұрақтанған мән қабылдай алатындай онша ұзақ емес болатын электрқозғалтқыштың жұмыс тәртібі:

- A. Уақытша
- B. Ондай тәртіп мұнда көрсетілмеген.
- C. Ауыспалы.
- D. Қайталама-уақытша.
- E. Ұзаққа созылатын.

***13

Суретте келтірілген P қуатының өзгеруі және θ температурасының жоғарылауының графиктері мына тәртіпке сәйкес келеді:

- A. – S1.
- B. – S2.
- C. – S3.
- D. – S4.
- E. Дұрыс жауап жоқ.



***14

Электрқозғалтқыш қуатын таңдаған кезде эквивалентті моменттер әдісі қолданылады, егер :

- A. Қозғалтқыштың жұмысі кезінде орамдардың белсенді кедергілері өзгерсе.
- B. Қозғалтқыштың жұмысі кезінде кернеу мен жиілік өзгерсе.
- C. А мен В жауаптарындағыдан басқа барлық жағайда.
- D. Қозғалтқыштың жұмысі кезінде оның магнит ағыны өзгерсе.
- E. А ,В және D жауаптарындағыдан басқа барлық жағайда.


***15

Электрқозғалтқыш қуатын таңдаған кезде эквивалентті мөлшерлер әдісі қолданылады, егер

- A. Жұмыс кезінде қозғалтқыш параметрлері өзгерсе.
- B. Желінің кернеуі мен жиілігі өзгерсе.
- C. Жүктеменің өзгеруі кезіндегі бұрыштық жылдамдық өзгерсе.
- D. Кез-келген жұмыс тәртіпте.
- E. Дұрыс жауап жоқ.

***16


Номинальді жүктеме мен кернеу болғандағы номинальдіден жоғары жылдамдыққа қай үлгі сәйкес келеді?



E. Ондай үлгі мұнда жоқ.

***17


Номинальді жүктеме мен кернеу болғандағы номинальді жылдамдыққа қай үлгі сәйкес келеді?



E. Ондай үлгі мұнда жоқ.

***18

Якорь валында белсенді статикалық моменттің болмауы кезіндегі машинаны қозғалтқышты тәртіптен (бірінші үлгі) кері қосылу тәртібіне (екінші үлгі) ауыстыруға сәйкес келетін екі үлгіні көрсет.




Е. Ондай қос үлгі мұнда жоқ .

***19

Суретте кернеудің тиристорлы-импульсті ретке келтіргішінің шығуындағы уақыт бойынша кернеудің қандай жағдайдағы өзгеру сипаты келтірілген?

- А. Жиіліктік реттеу.
- В. Ендік реттеу.
- С. Жиіліктік-ендік реттеу.
- Д. Энергияның дозалық тасымалдануы.
- Е. Дұрыс жауап жоқ.



***20

Реостаттық реттеу кезіндегі асинхронды қозғалтқыштың жылдамдығын реттеу диапазоны:

- А. 2 : 1
- В. 1 : 4
- С. 1 : 2
- Д. 4 : 1
- Е. Дұрыс жауап жоқ

Дұрыс жауаптар кілттері

Сұрақтың номері	Дұрыс жауап
Электржетек механикасы	
1	С
2	Д
3	А
4	С
5	С
6	Д
7	А
8	С
9	В
10	С
Тұрақты ток электржетегі	

1	C
2	A
3	D
4	D
5	E
6	B
7	A
8	D
9	B
10	A
11	E
12	A
13	C
14	C
15	C
16	D
17	D
18	C
19	A
20	D
21	B
22	D
23	D
24	B
25	B
26	C
27	E
28	D
29	C
30	A
Асинхронды электржетек	

1	B
2	A
3	B
4	C
5	E
6	D
7	D
8	C
9	B
10	A
11	E
12	C
13	B
14	C
15	E
16	B
17	C
18	B
19	D
20	C
21	D
22	A
23	B
24	D
25	A
26	B
27	D
28	D
29	B
30	C
Синхронды электржетек	

1	B
2	C
3	A
4	C
5	D
6	B
7	A
8	A
9	A
10	B
Координаталарды реттеу	
1	E
2	A
3	B
4	B
5	B
6	B
7	A
8	B
9	A
10	B
11	A
12	C
13	A
14	E
15	E
16	B
17	D
18	C
19	B
20	C

8 Курстық жұмысты (жобаны) орындау үшін әдістемелік нұсқаулар Кіріспе

Осы заманға сәйкес электржетек – электр энергиясының механикалыққа түрленуін жүзеге асыратын күрделі, көп компонентті жүйе. Электржетектегі физикалық процестерді терең түсіну, осы заманға сай технологиялық есептермен таныс болу, және олардың мүмкіндіктерін бағалап, практикада қолдана білу – қызметтері электрмеханикалық құрылғыны пайдаланумен байланысты көптеген мамандық инженерлеріне өте қажет. Сондықтан электржетекті техникалық пән ретінде осы мамандықты таңдаған студенттер ғана оқымайды, ол басқа мамандықтардың оқу бағдарламаларына да кіреді. Курстық жобаның мақсаты – электржетек курсының теориялық бөлімдерін бекіту және электржетектерді басқару үлгілерін құру мен есептеуде практикалық тәжірибе жинау болып табылады.

8.1 Жалпы жағдай

Курстық жобаның тапсырмасын оқу семестрінің 2-3-ші аптасында оқытушы – курстық жобаның жетекшісі береді. «Электржетек теориясы» курстық жобасының тақырыбы практикалық тұрғыдан өте маңызды бөлімдерге арналған: электржетектің жіберілуін басқару үлгілерін құру; жіберу резисторлары кедергілерінің мәні мен санын таңдап, есептеу; электржетектің жіберілуінің ауыспалы процесін анализдеу.

Оқытушының нұсқауымен студент электржетектің келесі үш түрлерінің біреуіне арнап қажетті есептеулер жүргізіп, жіберу үлгісін өндіреді:

1. Фазалық роторы бар үшфазалық асинхронды электрқозғалтқышының айнымалы ток электржетегі.

2. Реттелген қозудың тұрақты тогы электроқозғалтқышының электржетегі.

3. Тәуелсіз қозудың тұрақты тогы электроқозғалтқышының электржетегі.

Курстық жобаны орындау үшін қажетті түсініктемелері бар негізгі мәліметтер төменде келтірілген.

8.2 Курстық жобаны орындау тәртібі

Курстық жобаның тексттік бөлігі А4 форматтағы парақтағы 35-40 беті бар тиянақты жасалған түсініктеме жазбасының кітапшасы түрінде дайындалады. Мазмұны нақты, түсінікті әрі неғұрлым толық жазылған болуы керек. Есептеу формулалары әріптік өрнекпен беріледі және оған кіретін мөлшерлерге арнайы түсініктеме келтіріледі. Есептеу қорытындысы болып табылатын немесе кестеден таңдап алынған әр мөлшер үшін оның өлшем бірлігі көрсетіледі. Графикалық құрылыстарды орындағанда олардың құрылу тәсілі кейін оны оңай қайталай алу үшін түсінікті сипатталуы керек. Барлық суреттер мен графиктер нөмірленген болуы керек әрі олардың аты

мен текстте арнайы нұсқауы болуы керек. Түсініктеме жазбасының дайындалуы салалық стандарттың талаптарына толық сәйкес болуы керек.

Түсіндірме жазбада келесілер болуы керек:

ТИТУЛЬДІ ПАРАҚ,
БАСТАПҚЫ МӘЛІМЕТТЕР.
ТАҚЫРЫП.
КІРІСПЕ.

1. ЖІБЕРУ РЕЗИСТОРЛАРЫНЫҢ МӘНІ МЕН САНЫН ЕСЕПТЕУ.

1.1. Табиғи механикалық сипатты құру.

1.2. Жіберу резисторларының мәні мен санын анықтау және есептеу (үш сатыдан кем болмауы тиіс).

1.3. Жіберу резисторларын таңдау (анықтама бойынша).

1.4. Жасанды (реостатты) механикалық сипаттарды есептеу және құру (резисторларды анықтаудың нақтылығын бағалау).

1.5. Жіберу кезінде жұмыс нүктесінің механикалық сипаттардағы қозғалысын суреттеу (табиғи және жасанды).

2. ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІ ЖІБЕРУ КЕЗІНДЕГІ АУЫСПАЛЫ ПРОЦЕСТІ ЕСЕПТЕУ .

2.1 Жіберу кезіндегі уақытта электржетек жылдамдығының өзгеру графигін есептеу және тұрғызу.

2.2. Жіберу резисторларының әр сатысында уақыт аралығының және электржетек жіберуінің жалпы уақытының анықталуы.

3. УАҚЫТ ФУНКЦИЯСЫНДА ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІ БАСҚАРУ ҮЛГІСІН ЖАСАУ, СӘЙКЕС УАҚЫТ РЕЛЕЛЕРІНІҢ ЖӨНГЕ САЛЫНУЛАРЫ.

3.1. Принциптік басқару үлгісін жасау (басқару және күштік үлгі).

3.2. Пайдаланылатын уақыт релерерінң әрбіреуін жөнге салу.

3.3. Электржетектің жіберуін басқару үлгісінің жұмысын сипаттау.

ҚОРЫТЫНДЫ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ.

Түсіндірме жазбаның текстінде келесі суреттер келтірілуі тиіс:

1. Табиғи механикалық сипаты.

2. Жіберу резисторларының санының графикалық анықтамасы мен мәні.

3. Жіберу резисторларын байланыстырудың принциптік үлгісі.

4. Жасанды механикалық реостаттар (есептеу нақтылығын тексеру үшін 2-ші суретпен салыстыру).

5. Электржетекті жіберу кезінде жұмыс нүктесінің реостатты және табиғи механикалық сипаттардағы қозғалысы.

6. Жіберу кезіндегі уақыт функциясында электржетек жылдамдығының өзгеру графигін тұрғызу.

7. Электржетектің күштік тізбектерінің принциптік үлгілері.

8. Басқару тізбектерінің принциптік үлгісі.

Суреттер жеке парақтарда орындалуы және түсіндерме жазбасында оларға нұсқаудан кейінгі сәйкес орында орналасуы тиіс (келесі бетте).

8.3 Курстық жобаның қорытындыларын дайындау

Жобаның графикалық бөлігі А1 форматтағы екі парақтан тұрады.

Бірінші парақ графикалық есептеулерге арналған. Парақтың бір жартысында жіберу резисторларының мәндері мен санын графикалық есептелуін, одан басқа табиғи және реостатты механикалық сипаттарды кескіндеу қажет, электржетектің жіберуі кезінде жұмыс нүктесінің олардың үстінен қозғалуын көрсету керек. Парақтың екінші бөлігі электржетектің жіберуі кезіндегі өтпелі процесті құру мен графикалық есептеуге арналған (уақыт функциясында электржетектің бұрыштық жылдамдығының тәуелділігін құрастыруға).

Сызбаның екінші парағының бір бөлігінде электржетек жіберуін басқаруының принциптік үлгісін салу қажет (күштік үлгі мен күштік үлгіні басқару тізбектерінің үлгісін) және оған қажет түсініктемелерді келтіру (үлгі элементтерінің қызметін).

Екінші парақтың екінші бөлігінде студенттің өз электржетегі үшін таңдап алған түріне сай роторлы жіберу резисторларының бір қорабының құрылысын үш проекцияда сызып шығу.

Сызбалардың масштабын парақ форматы дұрыс пайдаланылатындай таңдап алу керек.

8.4 Ұсынылатын әдебиет

1. Чиликин М.Г., Сандлер А.С. Общий курс электродвигателя. 6-е изд. Перераб. и доп. – М.: Энергоиздат. 1981. – 576с.

2. Вешеневский С.Н. Характеристики двигателей в электродвигателе. Изд.6-е, исправл. – М.: Энергия. 1977. – 432с.

3. Хализев Г.П., Серов В.И. Расчет пусковых, тормозных и регулировочных устройств для электродвигателей. – М.: Высшая школа. 1966. – 308с.

4. Мартынов В.М., Переслегин Н.Г. Автоматизированный электродвигатель в горной промышленности. – М.: Недра. 1977. – 375с.

5. Башарин А.В., Голубев Ф.Н., Капперман В.Т. Примеры расчетов автоматизированного электржетека. – Л.: Энергия. 1972. – 440с.

8.5 Тапсырмалар нұсқалары

8.5.1 Айнымалы ток электржетегін есептеу үшін қолданылатын негізгі мәліметтер

Айнымалы ток электржетегін есептеу бойынша курстық жобаны орындау үшін қолданылатын негізгі мәліметтер –келесі параметрлер:

1. Р – электрқозғалтқыштың номиналді қуаты (толқындағы қуат).

2. n – ротор айналымының номиналді саны.
3. M_{\max} – ротормен дамитын айналу моментінің максимал мәні.
4. M_H – ротормен дамитын айналу моментінің номиналді мәні.
5. $\cos\varphi$ - электрқозғалтқыш қуаты коэффициентінің номиналді мәні.
6. I_c – қозғалтқыш статоры тогының номиналді мәні.
7. R_c – статор орамының бір фазасының белсенді кедергісі.
8. X_c – статор орамының бір фазасының индуктивті кедергісі.
9. E_p – жылжымайтын ротор орамының бір фазасында индукцияланатын номиналді ЭҚК-нің мәні.
10. I_p – жылжымайтын ротордың бір фазалық орамынан өтетін токтың мәні значение тока,.
11. R_p – жылжымайтын ротордың бір фазалық орамының белсенді кедергісі.
12. X_p – жылжымайтын ротордың бір фазалық орамының индуктивті кедергісі.
13. K – асинхронды қозғалтқыштың трансформация коэффициентінің мәні.
14. J_d – электрқозғалтқыш роторының инерция моментінің мәні.
15. I – электрқозғалтқыш роторы мен жұмыс машинасы арасындағы жиынтық сан.
16. J_M – жұмыс машинасының жиынтық инерция моменті.
17. M_2 – жіберу кезінде электрқозғалтқышты дамытатын берілген максималды момент

$$M_2 = 0.8 - 0.9 M_{\max}$$

18. M_1 – жіберу кезінде электрқозғалтқышты дамытатын берілген минималді момент

$$M_1 = 0.7 M_{\max}$$

19. U_d – асинхронды қозғалтқышқа қосылатын үшфазалық сызықты кернеудің мәні

$$U_d = 380V$$

20. M_c – электрқозғалтқыш толқынында өндіріс механизмі тудырған келтірілген кедергі моментінің мәні

$$M_c = 0.9 M_H$$

Барлық электрқозғалтқыштарда болатын статор орамдырын байланыстыру үлгісі - жұлдыз\үшбұрыш, 380\220В.

Ротор орамдары жұлдыз үлгісі бойынша байланысқан.

Есептеу үшін мәліметтер 1-ші кестеде берілген.

8.5.2 Тұрақты ток электржетегін есептеу үшін қолданылатын негізгі мәліметтер

Тұрақты ток электржетегін есептеу бойынша курстық жобаны орындау үшін қолданылатын негізгі мәліметтер –келесі параметрлер:

1. P – электрқозғалтқыштың номинальді қуатының мәні.
2. n – ротордың номинальді айналу мәні.
3. I_a – электрқозғалтқыштың номинальді тогының мәні.
4. Φ – электрқозғалтқыштың қозуының номинальді магнит ағының мәні.

5. $R_{я}$ – якорь орамының кедергісінің мәні.
6. $R_{об}$ – Тізбектей қозу қозғалтқышының қозу орамы кедергісінің мәні.
7. U_H – электрқозғалтқыштың номинальді кернеуі $U_H = 220В$.
8. J_d – электрқозғалтқыш роторының инерция моменті
9. i – өндіріс механизмі мен электрқозғалтқыш арасындағы редуктор саны
 $i = 0$
10. J_m – өндіріс механизмінің айналмалы бөліктерінің жиынтық моменті.
11. M_H – электрқозғалтқышпен дамытылатын номинальді момент, (есптелінеді).
12. M_{max} – жіберу кезінде электрқозғалтқышты дамытатын берілген максималды момент

$$M_{max} = 2.2M_H$$

13. M_{min} – жіберу кезінде электрқозғалтқышты дамытатын берілген минималді момент

$$M_{min} = 1.2M_H$$

14. M_c – электрқозғалтқыш толқынында өндіріс механизмі тудырған келтірілген кедергі моментінің мәні

$$M_c = 0.9M_H$$

Тізбектей қозудың тұрақты тогының электржетегін есептеу үшін мәліметтер 2-ші кестеде берілген

Параллель қозудың тұрақты тогының электржетегін есептеу үшін мәліметтер 3-ші кестеде берілген.